**"Шекаралық кеңістік шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға азаматтарды тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 866 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 наурыздағы № 104 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шекаралық кеңістік шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға азаматтарды тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 866 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 50, 706-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шекаралық кеңістік шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға азаматтарды тарту қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидалар "Жедел-іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі және "Қарсы барлау қызметі туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарымен регламенттелетін жедел іздестіру және қарсы барлау қызметіне байланысты туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылмайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жасырын ынтымақтастық түрінде Мемлекеттік шекараны қорғауға адамдарды тарту Қазақстан Республикасының "Жедел-іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі және "Қарсы барлау қызметі туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 12 наурыздағы
№ 104 қаулысына
1-қосымша
Шекаралық кеңістік шегінде
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасын
қорғауға азаматтарды
тарту қағидаларына
1-қосымша

| | |
|---|---|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ № ___ куәлік __________ _________________ _ ______________ ______________ Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкері болып табылады. № ______ әскери бөлімі Жеке қолы:_______ Куәлік 20 __ жылғы "____"________берілді М.О.__________________ | Фото<br><br>Осы куәлікті көрсетуші шекаралық кеңістік шегінде Қазақстан Республикасыны Мемлекеттік шекарасын қорғауға жәрдем көрсетеді. Осы куәлік жеке басы куәландыратын куәлікті көрсеткен кезде жарамды.<br><br>Шекаралық кеңістік шегіндегі мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, кәсіпорындар ме мекемелердің (бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан) барлық лауазымды адамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мәселелері бойынша көмек көрсету с ұ р а й м ы н .<br>__________________________________ (лауазымы) ___________ _________ _________ (әскери атағы жеке қолы) (Т.А.Ә.) |

Қазақстан Республикасы<br>
Үкіметінің<br>
2019 жылғы 12 наурыздағы<br>
№ 104 қаулысына<br>
2-қосымша<br>
Шекаралық кеңістік шегінде<br>
Қазақстан Республикасының<br>
Мемлекеттік шекарасын<br>
қорғауға азаматтарды тарту<br>
қағидаларына<br>
2-қосымша

| | |
|---|---|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ № ___ куәлік __________ _________________ __ ______________ ______________ Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің ерікті жасақшысы болып табылады. № ______ әскери бөлімі | Фото<br><br>Осы куәлікті көрсетуші шекаралық кеңістік шегінде Қазақстан Республикасыны Мемлекеттік шекарасын қорғауға жәрдем көрсетеді. Осы куәлік жеке басы куәландыратын куәлікті көрсеткен кезде жарамды.<br><br>Шекаралық кеңістік шегіндегі мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, кәсіпорындар ме мекемелердің (бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан) барлық лауазымды адамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мәселелері бойынша көмек көрсету |

| | |
|---|---|
| Жеке қолы:_______ Куәлік 20 __ жылғы "____"________берілді М.О.________________ | сұраймын. ______________________________ (лауазымы) ___________ _________ _________ (әскери атағы) (жеке қолы) (Т.А.Ә.) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК